# ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

№203 орта мектеп қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А. Жұматаева

# Көңіл күй сыйлау

- Тыңда, досым, мен айтайын от тілек,
- Дүниеден кетті бай да, өтті бек.
- Өміріңе немқұрайлы қарама
- Дәулетіңмен тұрсаң-дағы көк тіреп.
- 
- Әр күн сайын тек сен үшін атып таң,
- Зерлі шапан киінсең де жақұттан.
- Өміріңе немқұрайлы қарама
- Шақша басың айналса да бақыттан.

# Көңіл күй  сыйлау

- <u>**Қайырмасы:**</u>
- <u>**Бақ құсыңды қонған кезде бағала,**</u>
- <u>**Қолда мәңгі тұрмайтын ол шағала.**</u>
- <u>**Кенелсең де, досым, қанша шаттыққа,**</u>
- <u>**Өміріңе немқұрайлы қарама.**</u>
-
- <u>**Бақ құсыңды қонған кезде бағала,**</u>
- <u>**Қолда мәңгі тұрмайтын ол шағала.**</u>
- <u>**Қанша азап көрсең-дағы, бауырым,**</u>
- <u>**Өміріңе немқұрайлы қарама.**</u>

# Көңіл күй сыйлау

- **Тұсау салып, бастатқызбай көш дара,**
- **Етсе-дағы дұшпан күлкі, дос таба.**
- **Өміріңе немқұрайлы қарама,**
- **Тағдыр желі қарсы алдыңнан соқса да.**
- 
- **Сын сағатта сақтау үшін өз басын**
- **Сатып кетіп сеніп жүрген жолдасың.**
- **Өмірңе немқұрайлы қарама**
- **Айдын көлге айналса да көз жасың.**

## Ойлау жолдары

Сын тұрғысынан ойлау,
Қалай оқу керектігін үйрену,
Біздің қалай оқитынымызды білу:
*Дарынды және талантты оқушылар, жас ерекшеліктерін ескеру т.б*

## Әдістермен тәсілдер

- Бірлескен оқу
- Диалогтік оқу
- Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау
- Оқытуды басқару мен көшбасшылық
- Lesson study
- Коучинг және тәлімгерлік
- Іс-әрекеттегі зерттеу

## Жұмыс құралдары

- Оқыту мен оқуда АКТ қолдану,
- Әріптестердің өзін өзі және өзара бағалауы
- Ұзақ мерзімді , орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау

# Диалогтік оқытуды ұйымдастыру формалары









# Сыныптағы диалогтің маңыздылығы

**Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады (Мерсер мен Лилтон).**

# Әңгіме  - дебат

- **Ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;**
- **Ресурстарды біріктіруге бағытталған талпыныс жасалады;**
- **Қарым –қатынас көбіне “Иә, бұл солай”, “Жоқ, олай емес” деген бағытта жүзеге асады;**
- **Орта бірлесуге қарағанда, көбіне бәсекелестікке бағытталған болады;**
- **Нәтижесінде мазмұнды тұжырым шығады.**

# Топтық әңгіме

- Айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әр – қайсысы механикалық түрде келісе беруі;
- Әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы;
- Идея қайталанады және жасалады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді;
- Идеяның дұрыс және бұрыс жағын бағамдай алу.

# Зерттеушілік әңгіме

- Әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
- Әркімнің идеясы пайдалы деп бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- Қатысушылар бір-біріне сұрақтар қояды;
- Қатысушылар дәлелдемелер жасайды;
- Топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге жетуі де, жетпеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу).
- Дәлелдемелер арқылы нақты пікір қалыптасады.

# Сұрақтардың түрлері

**Төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар.**

**Төмен дәрежелі сұрақтар (<u>жабық</u> немесе <u>дұрыс емес</u>).**

**Төменгі дәрежелі сұрақтар ол жаттап алуға бағытталған сұрақтар немесе мұғалімнің сұраққа өзі жауап беруі.**

**Жоғары дәрежелі сұрақтар белгілі бір жолмен ақпаратты қолдануға, қайта құруға кеңейтуге, талдауға бағытталады.**

# Оқушының білім алуын қолдау үшін

**<u>Түрткі болу</u>, <u>сынамалау</u> және <u>қайта бағыттау</u> техникаларын пайдаланамыз.**

# Түрткі болу

**Жауап алу үшін және оқушының жауабын түзету үшін (сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу) қажет.**

# Сынамалау

**Толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құру.**

**(Мысалы,“Сіз осыған мысал келтіре аласыз ба?”) қажет.**

# Қайта бағыттау

**Сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау (“Көмектесе алатындар бар ма?”).**

| Сұрақтардың түрлері: | Төмен дәрежелі | Жоғары дәрежелі |
|---|---|---|
| | Жабық н\се дұрыс емес | Қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға, талдауға тиіс |
| | Сұрақ қоюдың техникалары | |
| Түрткі болу | Сынақтан өту | Қайта бағыттау |
| •Жауап алу үшін<br>•Оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін<br>•Сұрақты қарапайым қою<br>•Өткен материалға оралу<br>•Ойға салу<br>•Дұрысын қабылдау, толығырақ жауап беру | •Толық жауап беру<br>•Ойларын анық білдіру<br>•Идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құру<br>•“Сіз мысал келтіре аласыз ба?” тапсырманы орындау барысында бағдар беру | Сұрақты басқа оқушыға қайта бағыттау “Көмектесе алатындар бар ма?”<br>Сұрақтардың маңызы:<br>•Ынталандырады<br>•Қызығушылығын анықтайды<br>•Зерттеуге ынталандырады<br>•Білімін қалыптастыруға көмектеседі<br>•СТО ықпал етеді<br>•Басқа идеяларды құрметтеуге ықпал етеді<br>•Оқытуды қиындататын қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды |

# Сұрақтар

- 1. Кім?
- 2.Не?
- 3.Қашан?
- 4.Қайда?
- 5.Неге?
- 6.Қалай?
- 7.Егер осылый болса не болар еді?

# [illegible] Рольдік ойын [illegible]

# Көбелек сабағы

***Бірде бір адам келе жатып өз қуыршағынан шығуға тырысқан көбелекті көріп таң қалады. Оның таңырқағандығы соншалықты, бірнеше сағат көбелекті тапжылмай тұрып қадағалайды.***





***Біраз уақыт өткен соң көбелек шаршағандай сыңай танытып, қозғалыссыз қалды.***

***Сырт қараған адамға көбелек қолынан келгеннің бәрін жасаған, одан әрі еш шамасы жоқтай көрінді.***

***Сол кезде адам көбелекке көмектеспек болып, қолына пышақ алды да, қуыршақты кесіп жіберіп еді, көбелек атып шықты.***

***Бірақ оның денесі әлсіз, қанаттары қатаймаған еді.***





***Адам көбелектің қанаты ашылып, ұшып кетеді деген сеніммен қадағалауды жалғастыра берді. Бірақ ол бола қоймады!***



**Ендігі кезде көбелектің басына қалған өмірін қанатын сүйретіп өту жазылды. Ол енді ешқашан ұша алмайтын болды.**

***Мұның бәріне көбелектің кедергіден өз бетімен жол табуына мүмкіндік бермеген адам кінәлі еді.***

***Көбелек қуыршақтың ішінен өз бетімен шыққанда ғана еркін дамып, өсе алады екен.***



***Оқудағы кедергілерді шешу үшін балаларға табандылық пен шыдамдылық қажет.***





**Оқушылардың оқудағы кедергілерді өз бетінше шешуіне мүмкіндік беріп, қолынан келетіндігіне сенім білдіру – ұстаз міндеті**

.

# «Күн және бұлттар»

Осы туралы ойландым

Бұл маған ұнады

Жұмыста қолданамын

Осы туралы көбірек білгім келеді